

Дүбірбаева Б.Т., аға оқытушы  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

### ДАУЫС ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҰМЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ


Негізгі мақсат – жоғарғы оқу орнының музыка факультетіне, музыкалық білім алуға келген болашақ музыка мұғалімдеріне «дауыс қалыптастыру» сабағынан яғни салауатты ән айта білу мәдениетіне үйрету болып табылады.

Қазіргі кезде мәдениетіміздің одан әрі жоғарылап, қазақ балалары оқып білім алып, өз халқымыздың ән-өнерін одан әрі толықтырып үйренуі үшін, қазіргі заман талабына сай жанапшыл ән айтудың тәсілдерін, қыры мен сырын меңгеруге, машықтануға үйретуіміз керек. Сол себептен институтта өтетін «вокал» яғни «дауыс қалыптастыру» пәні бойынша оқу жоспарларына шетел композиторларының шығармалары, халық әндері, қазақ композиторларының әндері репертуарларымыздан кең орын алған. «Дауыс қалыптастыру» пәні жетісіне бір рет оқушыларға жеке-жеке жүргізіледі. Орта мектепті бітіріп, мектептегі ән сабағы мен музыка кружоктарына ғана қатысып, сонан соң жоғарғы оқу орнының студенті болып қабылданған балаларға алғашқы дауыс қалыптастыру сабағының жүргізілу бағыттарына тоқталатын болсақ, дауыс ерекшеліктерін дамытудың әдістері мынадай жағдайларды қамтиды:

- денені тік және еркін ұстау
- басты жоғары, екі аяқтың арасы сәл ғана алшақтау болуы керек, өйткені ән айтқанда күш аяққа түседі.

Осыдан кейін студенттерге ән айтқанда ауызды қалай ашып-жабу керектігін (артикуляция) ауыз қуыс мүшелерінің, жақтың, ерін мен тілдің, тамақ қуысының қызметтерімен яғни дауыс аппараттарының бір-бірімен байланысы мен жұмысын түсіндіреміз.

Ән дауысты дыбыстары арқылы жасалады, соған байланысты жаттығу орта диапазонда болуы қажет. Алғашқы дыбыстарды меңгеру үшін: «ма-ме-ми-мо-му» немесе «а-о-у», «лө-лө-лө», «зи-зо-зу» дыбыстарын қатыстыра отырып, бір ғана нотамен жарты тон көтеру арқылы, ауызды дөңгелектеп ашып өкпе жақтан шығаруға үйренеміз. Мысалы:



Ән айту процесінде яғни, ән айтқанда дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты және түрлі дыбыс ұлғайтқыш ауыз қуыс мүшелерінің ықпалымен сан құбылып, көптеген бояулар табады. Қазақ тілінде мынандай дауыстылар бар: ә, а, е, ы, і, ө, ұ және екі қосынды дауыстылар и, у дыбыстары артикуляциялық дыбыстау мүшелерінің қатысуына қарай езулік және еріндік болып екіге бөлінеді. Мысалы: «А»-ны айтқанда иек төмен түсіп, ауыз кең ашылады. Бұл жуан езулік дыбыс. «Ә»-дыбысы да ауыздың тамақ қуысының мол ашылу нәтижесінде иек төмен түседі, ерін жаққа тартылады, ал тіл алға таман тартылады, ол жіңішке дауысты. «Е»-дыбысын айтқанда ауыз орташа ашылып, тіл алға созылып, оның ұшы төменгі қызыл иекке тығыз тиіп жатады, ерін артқа тартылады. (езулік) Сонымен дыбыстау мүшелерінің түрліше құбылып бірде кеңірек, бірде тарырақ ашылып отыруына байланысты дауыстардың артикуляциялық, акустика-

лық қасиеттері өзгеріп отырады. Дыбысты таза, біркелкі, жабық дауыста айтылуын талап ету керек. Әр түрлі жаттығулармен дауысты көтере отырып дыбыс аумағын біртіндеп кеңейтеміз. Әр студенттердің қабілеттеріне қарай жаттығулар арқылы бақылау жасап отырамыз.

Әнді айтқанда тыныс алу үлкен рөл атқарады. Сол себепті кез келген жерде дем ала беруге болмайды. Музыкада дем алу «V» – белгісімен көрсетілген. Жаттығуда немесе ән орындағанда дем алу белгісі көрсетілген жерде ғана тыныс алу керек. Жаймен асықпай дем алып және оны үнемдеп біртіндеп фраза бойынша жұмсап үйренуге қалыптастырамыз.

Одан әрі вокалдық есту қабілетінің дамуы мен қалыптасуына, дауыстың жылжымалылығы, дикция туралы ұғымдар беріледі.

Тағы бір тоқталып өтетін мәселе, ән сөзінің дұрыс айтылуы шарт, демек дикция жақсы болуы керек. Ән айтуға баулу жолында мынадай жағдайлар ескеріле бермейді: сөзді дұрыс айтқанмен оның анық жетуіне назар аударылмайды. Болашақ музыка мұғалімдері немесе әнші әр халықтың тіліндегі әріптердің айтылуына, олардың сөз құрау ерекшеліктеріне ден қоюы керек. Орфоэпия заңдылықтарымен дауыс тербелісінің бір қалыпты шығуына дағдыландыру қажет. Ол тек дайындық жұмыстарынан соң ғана дұрыс айтылады.

Дауысты және дауссыз дыбыстар сөздерде бір-бірімен араласып келгенде қалыптағыдан өзгеріп естілетін кездері болады:

Мысалы: Келдік біз қолмен жасап жайнатуға деген сөйлем жолы өз-

геріп былай естіледі: келдекпіз қолмен жасаб жайнатуға

Немесе: Көз жіберсем алысқа (көжжіберсем)

Көп зарыққан ел екен (көбзарыққан)

Кейде сөздерде екі дауысты дыбыс қатар кездесіп қалады.

Мысалы: Сендерд(е) алтау, бізд(е) алтау

Гулг(е) оранған сай мен сала

Айнал(а) орман көк желек

Бұл жерде дауысты дыбыс қатар кездесе алғашқысы айтылмай қалады.

Міне, осы жоғарыда айтылып өткен міндеттерді игергеннен кейін, әнді сүйемелмен қосылып үйрену сабағы кезінде динамикалық белгілерге, дауыстың сапалылығына, аспапқа қосылғандағы ансамбльмен жұмыс жүргіземіз.

Студенттің дыбыс аумағына, тембріне, қабілетіне байланысты репертуарлар таңдап жоспар құрылады.

Студенттерге «вокал» өнері арқылы айналадағыны сезіну, вокалды шығармаларды түсініп бағалап, оны орындау шеберлігін ұштау, есту қабілетін кеңейту, дауыстың акустикалық кең тарап шығуын, оқушылардың вокалдық-техникалық орындау әдістерін ұғынуына, өз дауысын жеке меңгеруге, шығарманың қиындық тудыратын тұстарымен жұмыс жасауды үйрету жұмыстары жүреді. Мысалы К.Күмісбековтың «Жүрек сыры» деген әні нәзік, сырлы сезімге толы ән. Терең толғаныспен айтуды қажет етеді. Интонациялық таза орындауға қиындық туғызатын жері, екі он-алтылық ноталар. Бұл әнде мұндай ырғақ әр такті сайын кездеседі:



Дыбыстарды интонациялық таза айтуға дағдылану үшін, жай екпінде бірнеше рет қайталауды қажет етеді. Әннің жоғарғы тиссетурасы екінші

октаваның «до» нотасына түсетін буындардың көлемді, еркін, қысылмай шығуы үшін біраз жаттығуға тура келеді:



Өйткені ол нотаға түсетін «ке» буыны болмысы жағынын бірден еркін айтуға кедергі жасайды. Әннің дұрыс айтылуы үшін жоғарыда көрсетілген фразалар бойынша жұмыс жүргізу керек. Мұндай талдаулар жасау студенттерге музыкалық шығармаларды терең түсініп, өз мәнерінде айтуына көп көмегін тигізеді.

Мектепке дейінгі және мектеп оқушыларымен келешектегі жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, оларға вокалдық-теория мен әдістемені, вокалдық сапа, ән салудағы ой-тұжырымын, вокалдық-техниканы жете меңгерген жоғарғы квалификация-дан өткен вокал жұмысының білімді маман ретінде аяқтап шығуына бар күшімізді салуымыз керек. Әр студенттің бойына меңгерген білім келе-

мін өмірде пайдалана білу бейімділігін тәрбиелеу ұстаздың басты мақсаты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кабалевский Д. Основные принципы и методы программы по музыке для общеобразовательной школы. Программа по музыке для общеобразовательной школы 1-3 кл. М.1985.
2. Ветлугина Н.А. Музыка және балалар бақшасындағы музыкалық тәрбие методикасы: Алматы, 1988.
3. Жәрдемалиева Р., Қарамолдаева Г., Исағұлова А. Музыка хрестоматиясы. Алматы «Өнер» 1986.
4. Жәрдемалиева Р., Қарамолдаева Г.. Қазақ орта мектебінің 4 класына арналған музыка. программасы

**Колобанова Л.Н.**, доцент

Костанайский государственный педагогический институт

#### **НОВЫЕ ПОДХОДЫ К АНАЛИЗУ ПОЭТИЧЕСКОГО ТЕКСТА В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ**

Существует много проблем школьного филологического образования, каждая из которых становится предметом острых дискуссий и может иметь неоднозначное решение: прежде всего, это цели и задачи изучения литературы в школе; преемственность разных его ступеней; критерии его качества; содержание базового и профильного уровней, формы итоговой аттестации и т.д. и т.п. Возьмем на себя смелость утверждать, что это все проблемы важные, но не первостепен-

ные. Главной же в школе, на наш взгляд, является задача не «как изучать литературу», а «как не отучить ребенка от книги», последовательно приобщая к ее глубине и красоте. Все знают, как любят малыши, чтобы им читали, как радуются они увлеченному ритму стиха, как ярко воспринимают интонационный смысл и образность лучших образцов русского и мирового фольклора и детской литературы. Когда же в школе мы начинаем все это «изучать», препариро-